

МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясы мен «Турк-Иш» Түркия Кәсіподақтар конфедерациясы арасындағы өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясы (бұдан әрі - ҚРКФ) мен Түркия кәсіподақтар конфедерациясы (бұдан әрі - "Түрк-Иш"), екі ел еңбекшілерінің өзара түсіністігін одан әрі дамыту, достықты нығайту, ынтымақтастықты, әріптестік қатынастарды дамыту және ақпарат алмасу мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Ынтымақтастық Қазақстан Республикасының және Түркия Республикасының заңнамалық актілеріне, ҚРКФ және Турк-Иш Жарғыларына, уағдаласушы тараптардың өзара сыйластық қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2-бап

Уағдаласушы тараптар жалдамалы қызметкерлердің әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында тәжірибе алмасуды кәсіподақтар ынтымақтастығының негізгі бағыттары деп санайды:

- әлеуметтік әріптестік нысандары мен әдістерін дамыту;
- жұмыспен қамту және жұмыссыздықпен күрес мәселелеріндегі белсенді саясат;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу;
- еңбекті қорғау және гигиена, қауіпсіздік техникасы және экология;
- кәсіподақ көшбасшыларын дайындау және қалыптастыру мақсатында кәсіподақ кадрларының біліктілігін арттыру.
- еңбекшілер мен кәсіподақ ұйымдарына қажет болған жағдайда өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға көмек көрсету.

3-бап

Тараптар өзіне басқа тарапқа залал келтіретін шараларды қолданбау міндеттемесін алады.

Қажеттілігіне қарай Тараптар Меморандумды орындау мәселелері бойынша келіссөздер жүргізетін болады.

4-бап

Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 3 жыл бойы әрекет етеді. Егер уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы өзінің оны бұзу ниеті туралы оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 ай бұрын жазбаша хабарлау арқылы мәлімдемесе, оның күші автоматты түрде келесі үш жылдық кезеңге ұзартылады.

5-бап

Меморандум бірдей маңызы бар және бірдей заңды күші бар екі данада орыс және түрік тілдерінде жасалды.

Меморандум Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша толықтырылуы немесе өзгертілуі, сондай-ақ оның ережелері бұзылған кезде бұзылуы мүмкін.

Меморандумға қол қойған:

**Қазақстан Республикасының
Кәсіподақтар Федерациясы**



Ералы Тоғжанов

Төраға

**«Турк-Иш» Түркия
Кәсіподақтар конфедерациясы**



Эргюн Аталай

Президент

5 желтоқсан 2019 ж.

Анкара қаласы